

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ
БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АРАСЫНДА «DANCE-LIFE» ТАҚЫРЫБЫНДА АУЛА
БИЛЕРІ БОЙЫНША СЫРТТАЙ ФЕСТИВАЛЬДІҢ
БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

Астана қаласы

2014 жылғы 18 ақпан – 30 мамыр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашу және дамыту, олардың шығармашылық әлеуеттерін жүзеге асыру үшін жағдай жасау, оларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке тарту мақсатында жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Dance-life» тақырыбында аула билері бойынша сырттай фестивалін балаларға арналған www.ziyatker.kz ғылыми-танымдық сайтта 2014 жылғы 18 ақпан – 30 мамыр аралығында сырттай өткізеді.

Міндеттері:

жас ұрпақтың шығармашылық шеберліктерін насихаттау;

балалардың шығармашылығын насихаттау;

балалардың бос уақытындағы іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жағдай жасау;

фестивальға қатысушыларды жаңа шығармашылық жетістіктерге ынталандыру;

балалар арасында бейнеөнерді насихаттау;

дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету;

бейнероликтер арқылы балалардың бейне-көзқарасын және ерекшеліктерін ашу.

Фестивальға Қазақстан Республикасының өңірлерінен 12 жастан 18 жасқа дейінгі жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылар қатысады.

Фестиваль «Бейнеролик (бейнеклип)» номинациясы бойынша өтеді.

Билердің бағыттары:

халық биі;

заманауи би.

Жалпы орта білім және қосымша білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың арасында «Dance-life» тақырыбында аула билері бойынша сырттай фестивалін өткізу туралы қосымша ақпаратты мына мекен-жай бойынша алуға болады: Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 16/1, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, тел/факс: 8 (7172) 44-53-38, электрондық пошта: spo.rumcdo@mail.ru.